

## **ОҚУШЫЛАРҒА БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ПӘНІ БОЙЫНША САБАҚ БЕРУДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ РОЛІ**

**С.П.Тастанова -**

*АИУ-ің оқытушысы, Шымкент қ.*

**А.П.Тастанова –**

*магистр*

Ұлттық мәселе шарықтау шегінде тұрған кезде жоғары тәрбиелік мүмкіндігі бар болашақ ұрпақты өнегелілік және рухани нығаюына себепші болатын халқымыздың мәдени мұраларын, олардың көп ғасырлық әдет-ғұрпын және салт-дәстүрін оқып үйрену қажеттігі туындайды.

Бейнелеу өнері пәніне байланысты бірқатар білім беру мазмұны саласындағы көкейкесті аспектілерді зерттеуді қолға алған Қазақстан ғалым педагогтары Б.А.Әлмұхамбетов, Ұ.Ш.Ибрагимов, Қ.Қ.Болатбаев, З.Ш.Айдарова, Л.Г.Дириксен болды [1].

Эстетикалық тәрбие беру мәселесін философиялық тұрғыдан: Ю.Б.Боревтің, А.И.Буровтың, В.В.Вансловтың, А.А.Радугинның, М.С.Каганның, В.А.Разумныйдың, В.К.Скатерщиковтың, С.К.Лукиннің педагогикалық, тарихи-педагогикалық тұрғыдан: О.А.Апраксинаның, Н.А.Ветлугинаның, И.Ф.Гончаровтың, Ф.Ф.Королевтың, Б.Т.Лихачевтың, В.Алексеевтің, С.Т.Шацкийдің, Л.Н.Коганның, С.Х.Файзуллинаның, А.М.Джунусбаеваның, С.А.Ұзақбаеваның, А.А.Люблинскаяның, В.С.Кузиннің, М.Х.Балтабаевтың, В.А.Разумныйдың, Д.С.Шарипованың, Р.К.Дүйсембинованың, С.П.Барановтың, Г.И.Щукинаның, т.б. зерделенген зерттеулерін атауға болады.

Сонымен бірге жас ұрпаққа көркем өнер арқылы, этика, эстетикалық тәрбие беру мәселесін Ә.А.Қалыбекова, Е.Ш.Қозыбаев т.б. өз еңбектерінде тарихи тәжірибелерді, мәдени ұлттық дәстүрлерді ескере отырып қарастырды [2; 3].

Бүгінгі таңдағы қоғамдағы ірі өзгерістер мен күрделене түскен экономикалық жағдайлар жас ұрпақ психологиясына айрықша әсер етіп қана қоймай, күн сайын күшейе түскен бұл қолайсыз факторлар мектептегі оқу тәрбие үрдістерін жақсартудың баламалы жолдарын іздестіруді талап етеді. Мектепке балалар көбінесе отбасынан мінез – құлқы қалыптасып келеді де, бұдан кейінгі оқу тәрбие ісі оларға ата – анасы берген қабілеттерін шыңдау үшін бағытталады. Міне, осы орайда, балалардың бойындағы жағымды қасиеттерді оятып, жағымсыз мінез, әдеттерді жою талабы педагогикалық іс-әрекеттердің тиімділігіне байланысты.

Бастауыш мектеп жасындағы кезеңі баланың жеке басының ары қарай қалыптасуы үшін аса маңызды рөл атқарады. Оның өмірінде мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап айтарлықтай өзгерістер пайда болады, дамуының әлеуметтік жағдайы түп-тамырымен өзгереді, бала үшін жетекші орын алатын оқу әрекеті қалыптасады.

Баланың жеке қасиеттерінің психикалық дұрыс дамып жетілуі үшін әлеуметтік педагогтік ұжымдардың кәсіптік белгілері, ата-аналардың саналы көзқарасы және осы принциптерге негізделген мектеп пен отбасы арасындағы тығыз одақ, нәтижелі жұмыс қажет.

Өзін-өзі бағалау ең алдымен жеке тұлғаның әркеті арқылы қалыптасады. Бірақ бағаны әрдайым айналадағы адамдар береді. Өзіне деген сенімі өзгелердің пікірі арқылы қалыптасады. Егер айналасындағы адамдар балаға үнемі дұрыс қарым-қатынас жасаса, онда ол өзін осы сыйластыққа лайық екенмін деп санайды, ал егер керісінше, оның жасаған сәттерінің кемшіліктерін бетіне басып, ұрсып, жаратпай жатса, оған өзіме лайық емеспін дегеннен басқа түк қаламайды. Және бұл жағдайда баланың реакциясы әр түрлі (апатия, цинизм (шектен шыққан арсыздық), агрессия және тағы басқа) болады [4,5,6,7].

Сынып мұғалімі мен ата-аналар оқушының негізгі тәрбиешілері болып табылады. Сондықтан да педагог жүргізетін тәрбие жұмысының нәтижелері оның ата-аналарымен жұмыс істей білуіне, олармен ортақ тіл тауып, олардың көмегі мен қолдауына сүйене білуіне байланысты. Мұғалім мен ата-ананың қарым-қатынасында бастауыш рольді педагог атқарады. Өйткені тәрбие жұмысы оның негізгі мамандығы. Оның арнаулы дайындығы бар, әр түрлі педагогикалық ситуацияларды іскерлікпен қолданатын тәрбие құралдарының бай арсеналына ие. Бейнелеу өнері пәнінде халық педагогикасындағы дәстүрлерді тиімді пайдалану процесінде балалардың дәстүрлерді меңгеруі зор роль атқарады. Себебі қазақ дәстүрлері ең алдымен бастауыш мектептегі баланың мінез-құлқының жоғарғы дәрежеде қалыптасуына ықпал

жасайды. Сөйтіп, тәрбиеші, сынып жетекшісі баланың дене қалпына, қимыл-әрекетіне, оның ұстамдылығының, жинақылығының көрсеткіші ретінде зор зейін аударады; айқайсыз, дөрекі сөзсіз, жұлқынбай, сабырлы сөйлеудің үлгісін береді; сөйлеп тұрған адамның көзіне қарауды, денесін тура ұстауды, қатты күлмеуді үйретеді.

Біз, бастауыш сынып оқушыларының бейнелеу өнері пәнінде халық педагогикасындағы дәстүрлерге тәрбиелеудің жолдарын қаламыздағы білім беру орталықтары мен мектеп мұғалімдері, сонымен қатар ата-аналардан халық педагогикасындағы дәстүрлер туралы сауалнамалар жүргізіліп, мынандай қорытындыға келдік:

-балаға халық педагогикасы дәстүрлері қазыналарын бастауыш сыныптан бастап қалыптастыру қажет;

-баланың халық педагогикасы дәстүрлерін меңгеруіне ұйымдастырылған жұмыстардың осы мақсатты қамтып, жұмыстың тәрбиелік мазмұны ерекше орын алатынын байқадық;

-бейнелеу өнері пәнінде ұлттық салт-дәстүрлерді және инновациялық технологияларды пайдалану қажеттігін байқадық;

-баланың халық педагогикасы дәстүрлерін меңгеруі тек мұғалімге байланысты емес, сонымен бірге ата-анасы мен отбасы мүшелеріне де байланысты екенін анықтадық.

Бұл берілген анықтамаларды мектептерде жүргізілген зерттеу жұмыстары мен мұғалімдер, ата-аналармен қарым - қатынас жасай отырып осындай тұжырымға келдік. Бұл тұжырымға төмендегідей сипаттамалар беріліп отыр.

Бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілетін іс-шараларға тартуда олардың іскерліктері мен неге қабілеттілігі, қызығушылығына бақылаулар жүргізіледі. Бастауыш сыныптағы оқушылардың ерекшелігі олар өздерінің ойлаған ойларын, айтайын деген сөздерін бүкпесіз айтады. Сынып жетекшісінің жұмысында мектеп оқушыларын мінез-құлық мәдениетіне, оларды оқушыларға арналған Ережелерде жазылған өз құқықтары мен міндеттеріне саналы қарауға тәрбиелеу елеулі орын алады.

Бейнелеу өнері пәнінде бастауыш сынып оқушыларының халық педагогикасындағы қалыптастыру үшін алдымен оқушыларға мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін игеруге назар аудартқызып, оқушыларға мінез-құлық мәдениетінің ережелерін орындатқызып отыру қажет. Мінез-құлық мәдениетінің ережелерін үйретумен бірге, ереже рухына сай әрекет етуге яғни жана жағдай кезінде бұрыннан жақсы мәлім ережелер негізінде әрекеттің дұрыс жолын таба білуге баулу керек.

Халық педагогикасы дәстүрлерін қалыптастыру жұмысы бойынша жаттығулардың мазмұны және олардың формасы үйретілетін ережелердің сипатына байланысты болады. Мәселен, белгілі бір жағдайда баланың өзін қалай ұстауы керек екендігін мұғалімнің өзі көрсететін сабақтары да болады, яғни қазіргі уақытта сыныпта өтілетін тәрбие сабақта болады: жолдасты қонаққа қалай шақыру керек, үстел басында өзін қалай ұстау керек, үлкенді сыйлау халық дәстүріне толық қанық болған баланың бойынан табылады.

Отбасының жетекшілік маңызы онда тәрбиеленіп жатқан адамның тән-дене және рухани дамуына әсер етуші ықпалдар мәні мен мағынасының тереңдігіне тәуелді келеді. Отбасы мен тәрбиешілер және сынып жетекшілері оқушылардың халық дәстүрлеріне деген сезімдерін оятып, оқушылардың мінез-құлықтары мен іс-әрекеттеріне ықпал жасап, іс-әрекет үстінде бала бойына дәстүр құндылықтарын тұрақтандыруы керек [8;9].

Өмір сүру жағдайындағы әдет-ғұрыптармен дәстүрлер мазмұны жағынан төменгі сынып оқушыларының тәрбиесіне ықпал жасады. Мысалы:

*“Ақырып айтқан ақылдан, ақылмен айтқан сөз артық”, “Атасынан ақыл алса, тентек ұл да жөнделер”, “Ана өз баласын жанымен де, қанымен де сүйеді”, “Сүйер ұлың болса сүй. Сүйінерге жарар ол”.* (Абай)

Нәресте анасынан туғанда екі түрлі мінезбен туады, біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам – бұлар тән құмары. Екіншісі - білсем деген, не көрсем соған талпынып ... көзі көрген, құлағы естігенінің бәрін сұрап тыныштық көрмейді-мұның бәрі жан құмары. Абайдың бұл ой тыжырымдамасы қазіргі ғылым психологтардың тұжырымды зерттеуімен тепе-тең деп бағалаймыз.

Бала - ата-ананың, отбасының, адамгершілік өмірінің, тәрбиелілігінің айнасы.

Ұлттық тәлім тәрбиенің қалыптасу жолдары адамзат қоғамының даму заңдылықтарымен, халықтық тарихи, экономикасы, мәдениетімен тығыз байланысты. Бала танымындағы ұлттық сана – ана-тілі мен халықтың озық дәстүрлерінің негізінде қалыптасады [10; 11].

Қазақстан бастауыш мектебіндегі бейнелеу өнері білімінің жүргізілуінің негізінде мектептік

жүйені ұйымдастыруға, білім беру мазмұнын құруға, т.б. үлкен үлес қосылған. Онда педагогика классиктері Н.К. Крумскаяның, А.В. Луначарскийдің, Ш. Әлжановтың іс-нәтижелері мен идеялары жатыр.

Оқушының тұлғалық өсуі және оның өзіндік дүниетанымын, өмірлік білігін, білімін және шығармашылық ұмтылысын туғызуда ең ықпалды құралдың бірі - оқулық. Осы орайда бұрын қазақ жерінде бейнелеу өнері пәнінің оқулығы болмағанын және бұл бағыттағы жалпы тәжірибенің аздығын ескере отырып, жана оқулық жасаудағы жауаптылықты еселеп көбейтіп, бүгінгі бар оқулықтардағы олқылықтардан арылту қажет. Оқулық мазмұны, біріншіден, ұрпаққа білім берудің тұтастығына сәйкес, екіншіден, оқулық сапасына қойылатын дидактикалық талаптарға сай, үшіншіден, оқушыны шығармашылыққа жетектеп, оның әлемдік бәсекеге қабілетті болуына мейлінше ықпал етерлік болуы керек.

Сонымен бейнелеу өнері білімінің даму тарихын көрсететін толық және шынайы мәліметтер мен материалдарды білмей, қолданбай бүгінгі таңдағы қоғамның әлеуметтік сұранысына сай келетін зерттеуге алынаған феноменді жетілдіру мәселесін шешу мүмкін емес.

Міне, осыдан бүгінгі таңда біздің еліміздің білім беру саясатына қарай бастауыш мектептегі білім беру мазмұнын құрайтын бейнелеу өнері пәнін оқытуды жетілдіру қажеттігі, теория мен тәжірибенің сұранысына байланысты педагогика тарихында жинақталған, қолдануға болатынына бай тәжірибенің өз дәрежесінде зерттелмеуі және пайдаланылмауы белгілі бір дәрежеде қарама-қайшылықтың бар екендігін байқатады.

1. Қалыбекова Ә., Қаттабекова З. Бейнелеу өнері сабақтарында// Қазақстан мектебі. -№10. - 2007.-42б.

2. Қалыбекова А. Роль психолого-педагогических дисциплин в профессиональной подготовке учителя музыки. - Алматы: Рауан, 1994. – 224 с.

3. Қозыбаев Е. Формирование эстетической культуры старшеклассников средствами казахского музыкального фольклора: Автореф.... к.п.н. - Алматы, 1998. – 30 с.

4. Каиров И.А., Богданова О.С. Адамгершілікке тәрбиелеу әліппесі. - Алматы: Мектеп, 1978. – 328 б.

5. Асыллов Ұ., Нұсқабайұлы Ж. Әдептану: Адамгершілік құлық сабақтары. - Алматы: Мектеп, 2002. – 288 б.

6. Омарова Л. Адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру мәселелері.// Бастауыш мектеп. – 2004. - №2. – 26–28 б.

7. Әміралиев Ш. Адамды жан-жақты тәрбиелеу – коммунистік тәрбиенің негізі. – Алматы: Мектеп. - 1971. – 72 б.

8. Қалиев С. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. – Алматы, 2001. - 244 б.

9. Әтемова Қ.Т. Оқушыларды гумандық қасиеттерді қалыптастыруда мектеп отбасының бірлескен жұмысы. – Алматы, 1998. - 65 б.

10. Әлімбаев М. Халық газеті тәлімгер. - Алматы: Рауан, 1994. – 143 б.

11. Жұмбаев М. Ата-ана жасау керілігі. – Алматы: Мектеп. 1977. - 55 б.

#### Резюме

В данной статье описываются средства и методы воспитания современных школьников, которые должны быть носителями и проводниками передовых идей нашего общества. Раскрыты с позиции современного подхода сущность, содержание нравственного воспитания школьников. Определены педагогические условия, обеспечивающие эффективность нравственного воспитания.

#### Summary

This instruction describes means and methods of upbringing by active builders, who must be carrier and vehicle of our society. Description exposure of the essence and contents of elementary schoolchildren's morals related education from the point of the view of contemporary approaches. Verification of pedagogical conditions providing for efficiency morals related education.